

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 25 маусым 2025 жыл

**«Кеңқияк-Атырау» магистральдық мұнай құбырын пайдалану бойынша
«ҚазТрансОйл» АҚ пен «МұнайТас» ЖШС арасында жаңа үшжылдық шарт
жасасу мақұлданды**

«СБҚК «МұнайТас» ЖШС Қатысушыларының сырттай кезектен тыс Жалпы жиналысының шешімімен 2025–2027 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ пен «СБҚК «МұнайТас» ЖШС арасында «Кеңқияк-Атырау» магистральдық мұнай құбырын пайдалану бойынша қызмет көрсетуге қатысты жаңа үшжылдық шарт жасасу мақұлданды.

Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор болып табылатын «ҚазТрансОйл» АҚ «Кеңқияк-Атырау» құбыры іске қосылған сәттен бастап «СБҚК «МұнайТас» ЖШС-ға аталған құбырды пайдалану бойынша қызмет көрсетіп келеді. Жаңа шартқа қол қою тиімді ынтымақтастықты жалғастырып, мұнайды тұрақты тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қабылданған шешім Қазақстан Республикасының мұнай құбырлары жүйесінің сенімді жұмыс істеуін жүзеге асыруға ықпал етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ оператор ретінде келесі компаниялардың құбырларын пайдалану бойынша қызмет көрсетеді: «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, «Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы «МұнайТас» ЖШС, «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ, «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» ЖАҚ, «Торғай Петролеум» АҚ және «Магистральдық су құбыры» ЖШС. Жалпы ұзындығы 5 мың шақырымнан асатын құбырлар «ҚазТрансОйл» АҚ тарапынан қызмет көрсетіледі.

«КазТрансОйл» АҚ — магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың еншілес ұйымы. Ұзындығы 5,2 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбырларына иелік етеді және 5 мың км-ден астам сырт ұйымдар құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер атқарады.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**